

ӘДЕБИ КЕШ

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде болып өткен «Ұлы дала арулары» атты әдеби-танымдық кеш Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды. Кешке облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айна Мысырәлімова қатысып, сөз сөйледі.



Мәрген ТОҚСАНБАЙ,
«Арпа ақсарой»

Шараны аталмыш оқу орны мен Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық филиалының жанынан ашылған Аналар кеңесі ұйымдастырды. Кеште университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Аманбай Сейітқасымов, Аналар кеңесінің төрайымы Зере Қиықова және университеттің ардагерлер кеңесінің төрайымы Тыныштық Ахметовалар да қатысушыларға шығармашылық табыс пен сәттілік тіледі.

Поэзия шеруімен басталған әдеби кеш студент қыздарымыз қазақтың Айғаным, Ұлпан сияқты ақжаулықты аналары мен кешегі Ләззәт пен Сәбирадай аяулы қыздарына арналған жыр шумақтарын оқыды. Бүгінгі қазақ арулары қандай болуы керектігін көрсете алған қыздар бұл кеште би билеп, ән айтып, салт-дәстүріміз бен актерлік қабілеттерін танытты. Бал кылықты бойжеткендерден бастап, балабақшада жүрген бүлдіршін қыздарға дейін қатысқан кеш өте тартымды өтті.

Әдеби-танымдық кешке Айгүл Маментикова жетекшілік ететін «Нұрай

балабақшасынан» «Шаңырақ» клубы, Әлия Амантайқызы жетекшілік ететін №3 «Дарын» облыстық дарынды балаларға арналған мектеп интернатынан «Сырғалым» клубы, Нұргүл Қайырбекқызы жетекшілік ететін «Айғаным» қыздар клубы қатысып, өз өнерлерін жұртшылыққа ұсынды. Сонымен бірге, бұл кештен оқу орнының студенттері де тыс қалған жоқ. Олар кеш қонақтарына мерекелік әннен шашу шашып, жақсы көңіл-күй сыйлады.

Шара соңында университеттің ардагер ұстазы, білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгінің

иегері Таңсық Жұрынқызы бүгінгі жас бүлдіршіндердің өнерлеріне разылығын білдіріп, аналық ақ батасын берді.

Аналар кеңесінің төрайымы Зере Қиықова Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан «Айғаным» клубының жетекшісі Нұргүл Қайырбекқызына және сол клубтың мүшесі Күләш Нысанбекке, «Шаңырақ» клубының жетекшісі Айгүл Маментиковаға, «Сырғалым» клубының жетекшісі Әлия Амантайқызына және осы кешті ұйымдастырып, оның өтуіне үлкен қолдау көрсеткен университет әкімшілігіне Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етті.